

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Иксанов С.Б. г.ғ.м., аға оқытушы **Шохатаев О.С.** а.э.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Патша өкіметінің қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыруды әлеуметтік-экономикалық жағынан алғанда, оның прогресстік мәніде болды. Бұл Қазақстанда өндіргіш күштерді, отырықшылық пен егіншілікті дамытуға, қазақ пен орыс еңбекшілерінің жақындасуына ықпал жасады. Егіншіліктің өркендеуіне орай ауыл шаруашылық машиналары келе бастады. Жерді өңдеуге және астық жинауға соқа-саймандар, шалғылар ат тырнауыштары қолданылды. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуімен байланысты мал шаруашылығында өзгерістер көріне бастады. Мал мен оның өнімдері тауарға айналды. XIX-XX-ғғ. басында тек ғана баюды мақсат тұтқан мал өсірушілер мен мал мен сауда-сатық жасаушылардың жаңа топтары кең тарай бастады. Сондықтан өлкеде мал шаруашылығы басым болып қала берді. Көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы қазақтар жылқы, ірі қара, қой-ешкі мен түйе өсірді. Төрт түлікті өсірудің ара қатынасындағы өзгешелік ең алдымен ауа-райы, табиғат жағдайына байланысты болды. 1898 жылы Қарқаралы уезінде зерттелген мәлімет бойынша 19016 шаруашылықта 181404 жылқы, 94947 ірі қара, 18641 түйе, 641391 қой-ешкі, барлығы 936380 бас мал болған, облыс бойынша бұл мал басының 20,8% ғана еді. Мал шаруашылығын дамытудың негізі жайылымдарды дұрыс пайдаланумен байланысты еді. Осыған орай уезде малдың жем-шөбін дайындау ісі маңызды роль атқарды. Шабындақты пайдалану төмендегідей болды: 50% - шаруалар шабындықты бірлесіп игерсе, 41,5% - әр бір түгін бойынша, 4,4% - жеке учаскеге бөлініп мал азығын дайындаған [1]. XX-ғасырдың басында кулактар мен байлар құнарлы жерлерді иемденді. Мысалы, Теміртін болысының төрағасы жыл сайын 300 десятина жерге бидай егіп отырған, машина мен шөп шауып алып, жеке басына пайдаланған, 2000 десятина жерді жалға беріп, ортақ пайдаланатын жерді озінікі деп есептеген. Ауылдастарына 1 десятинадан 1,5 десятинаға дейін жер беріп, жыртқызып алып отырған. Мұндай мәліметтер архив құжаттарында жиі кездеседі. Жерді жеке меншікке айналдыру елеулі орын алды. Капиталистік жер қатынасы ауылдық жерлерде де жайыла бастады. Жер мен малды меншігіне айналдырған ауқаттылар кедейлері қанауды күшейтудің және байлығын молайтудың жолына көшті. Лажсыздан қазақ кедейлері байларға жалданды. Салық жинау кездеріне байлардың араны тіпті ашыла түсті. Орынбордың «Русская мысль» газетінің мәліметінде Қарқаралы уезінің байлары төрт ай мерзімге салық төлеушілерге 75 тиыннан 1 сом 30 тиын қарыз беріп, бір қойдан алып отырған. Ал Қоянды жәрмеңкесінде бір қой үш есе қымбатқа сатылып тұрған [1].

Қарқаралы уезінде орман шаруашылығын қорғау XIX-ғ. 70-80 жж. бастап қолға алына бастады. 1884 ж. 1-наурызда Қарқаралыда орман шаруашылығы құрылды. Ең бірінші орман шаруашылығын басқарушы болып Семей облыстық басқарманың ағаш жөніндегі чиновнигі Селиверстов тағайындалды. Оның қарамағында 6 ағаш қорғаушы және 2 атты шолушы болды. 1889 жылы Бидайық және Көктөбе деп аталатын жерде тоғамдар салынды. XIX ғ. соңында орман алқабын қорғау ісімен 9 атпен шолушылар және 30 орман қорғаушылар шұғылданды. Олар Кент, Бокты, Қу, Сары-құлжа, Қызыл-арай және Қызылтау орман алқаптарын қорғады. Революцияға дейін Қарқаралының орман алқабы дербес екі саяжайға (дачаға) бөлінді. Таудағы ағаш саяжайы таудың оңтүстік бөлігінде орналасты. Ол қаладағы казактардың қарамағында болды. Бұған Қоңыртөбе, Матақан, Сарышоқы, Қарасу және Найзашоқы сияқты көлемі 4157 десятина болатын сай-сала кірді. 1910 жылы 1-қантарға дейін Қарқаралы уезінде меншікте орманды қоса 13908 десятина жер болды. 1914 жылы Қарқаралы-Баянауыл орманының меңгерушісі болып И.З.Червев істеді. Ол қалада болған тарихи оқиларға байланысты көп жұмыстар атқарды. 1918 жылы ол уездік Совдеп мүшесі, 1920 жылы Ревкомның мүшесі болып сайланды. 1921 жылы қалаға шабуыл

жасаған ақ бандылары қолынан қаза тапты [1]. 1919 жылы желтоқсанда Қарқаралы уезінде Кеңес өкіметі түпкілікті орнатылғаннан кейін өлкенің бүкіл орман шаруашылығы Ревком қарамағына кошті. Кеңес өкіметі заманында Қарқаралының орман-тоғайы тиісті дәрежеде қамқорлықта болды. Қарқаралы ауданына 28827 га жерін орман-тоғай алып жатыр. 4 өндірістік учаске - орман кәсіпшіліктері (Бақты, Кент, Қу және Қарқаралы) болды. Орман шаруашылығының жерінде Қарқаралы зоологиялық заказнигі орналасқан [2]. Қарқаралы уезінің экономикасы мен мәдениетінің дамуына 1848 жылы 50 шақырым жердегі орналасқан Қоянды-Ботов жәрмеңкесінің ықпалы күшті болды. Ол Орталық Қазақстандағы ең ірі сауда орталығы болып саналды (1928 ж. дейін). Жәрмеңке Қарқаралы уезінің экономикасын нығайтуда, ақшалытоварлы қатынастарды ұлғайтуда маңызы зор болды [2]. Далалық аралап айырбастау саудасының кең қанат жаюы қалалық тұрақты сауда орындарының дамуына әсер етті. Далалық ұсақ саудагерлер үстінен қарайтын ірі сауда капиталы осы бекініс шептері маңындағы қалаларда шоғырланды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың шаруашылық мұқтаждықтарына неғұрлым ыңғайлы жәрмеңкелік сауда кең етек ала бастады. Олардың ішіндегі ең ірісі Семей облысындағы Қарқаралы уезі Қоянды (немесе 1948 ж. негізін салушы көпес С.Ботовтың есімімен аталған) жәрмеңкесі болды. XIX ғасырдың соңында оның сауда айналымының көлемі 3 млн сомға дейін жетсе, 1869-1913 жылдары 10 есе өсіп, 1,5 млн сомды құрады. Орал облысында Ойыл, Темір жәрмеңкелері, Ақмола облысындағы Петров (Атбасар станинасы), Константинов (Ақмола уезі), Тайыншакөл (Петропавл уезі), Жетісу облысында ең ірі – Қарқара жәрмеңкесі, Сырдария облысында – Әулиеата жәрмеңкесі болды. XIX ғ.

80-жылдарынан 1909 жылға дейін тек Семей облысында 15 жәрмеңке (Екатеринск, Шар, Семей, Мешіт, т.б.) болды [3]. XIX-XX ғ. шегінде Қырғызстан мен Қазақстан аумағында жылдық айналымы 60-70 млн сомнан асатын 270 ірілі-ұсақты жәрмеңкелер болды. Жәрмеңкелік сауда аудан аралық және жалпыресейлік маңызға ие болды. Мұнда мал, мал шаруашылығы мен жер өңдеу өнімдері сатылды. Қазақстанға орыс өнеркәсіп өнімдері, тоқыма тауарлар (мақта-мата бұйымдары), өңделген тері, металл бұйымдары (ауылшаруашылық құралдары), қант, сабын, керосин, галантереялық тауарлар, тұрмыстық заттар әкелінді. Орта Азиядан кептірілген жемістер, киім, мата, қалы кілемдер, Қытайдан шәй, маталар тасылды [4]. Жәрмеңкелерде сауда операциялары айырбас түрінде немесе ақша түрінде жүрді. Қазақстанда ақша-тауар қатынастарының негізінде орыс көпестері жәрмеңкелерден өте үлкен пайда түейрді. Ұсақ саудагерлер неше түрлі алдап-арбау арқылы тікелей өндірушілер есебінен байып отырды. Патша үкіметінің қазақ даласындағы сауда саясатының тонаушылық, отаршылдық сипаты болғандығына қарамастан, қазақтардың табиғи томаға-тұйық шаруашылығының ыдырауына жол ашты [4]. Жәрмеңкелер жылдың төрт мезгілінде өткізілді. Сондықтан оларды маусымдық жәрмеңкелер деп атайды. Қазақтар үшін, әсіресе, жазда өтетін жәрмеңкелердің маңызы зор болды. Бұған алыс аудандардан жылқы, ірі қара, қой, ешкі және мал шаруашылығы өнімдері: тері, жүн, киіз, май, мүйіз, жылқының қылын әкеліп өткізіп, өздеріне қажетті заттарға, үн, шай, ыдыс-аяқ және т.б. айырбастады. Бұлардың ішінен өнімдерінің белгілі бір бөлігін рынок үшін арнайы өндіретін ұлттық сауда буржуазиясы өсіп шықты. Қазақтардың арасынан шыққан саудагерлерді ұсақ, орта және ірі деп үшке бөлуге болады. Мәселен, XIX ғасырда қазақ байларының, алыпсатарларының, саудагерлерінің, приказчиктерінің, делдалдардың ірілі-ұсақты жалпы саны 40 мыңға жеткен. Солардың арқасында сауда мен өсімқорлық капитал қазақ жеріне орнықты. Дегенмен ресейлік және ортаазиялық сауда буржуазиясының бәсекелестік әсерінен қазақ буржуазиясы әлсіз болды. Ұлттық капитал толығымен қалыптаса алмады, тек сауда капиталы түрінде қалды. Өсімқорлық капитал өзінің жоғары түрі – өнеркәсіп капиталы дәрежесіне көтеріле алмады [5]. Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің құрылымы, оның сипаты және ерекшеліктері. Сібір темір жолы салынғаннан кейін Қазақстан тауарлы мал шаруашылығымен айналысатын ауданға айналды. Тері, жүн, ет, май өңдейтін өнеркәсіптің дамуына жол ашылды. Ақмола облысында 2,1 мың адам, Семей облысында 1 мың адам рынок үшін мал шаруашылығы өнімдерін өңдеумен

айналысты. Петропавл және Семей қалалары мал саудасымен айналысатын ірі орталық болды, Қазақстанда ерітілген тоң май өндірісі кең түрде дамығандықтан, олардан балауыз және сабын өндіру басталды. Тек қана Ақмола облысында 33 май шайқайтын зауыттар болды. XX ғасырдың басында Ақмола және Семей облыстарында 162 былғары зауыты болды, оларда толық емес мәліметтерге қарағанда 700 адам жұмыс істеп, 1116 мың сомның өнімін шығарды. Кейбір тері өңдейтін ірі орталықтар жыл бойы жұмыс істеді. Олардың тұрақты және мерзімді жұмысшылары еңбек етті [5]. Былғары өңдейтін шеберханалар мен зауыттар судың бойында орналасты және былғары өңдейтіндердің жұмысы ауыр, көбінесе қолөнер деңгейінде болды, мануфактура үлесі тек 17% ғана болды. Былғары өндірісімен қатар қолғап тігетін, пима басатын кәсіпорындар жанында қой терісінен тон тігу қолға алына бастады. Тон тігетін кәсіпшіліктер Петропавл және Ақмола уездерінде жедел дамыды. Олардағы 88 кәсіпорында 271 жұмысшы 69 мың сомның бұйымын шығарды. Мәселен, тек Семей облысындағы 13 мекемеде 54 жалдамалы жұмысшы болды. Кәсіпорындардың көпшілігі ұсақ тауарлы өндіріске жатты. Мануфактура үлесі төмен, тек 12,3% ғана құрады [6]. Жергілікті жерлерде жүн шикізаты алғашқы ғана өңдеуден өтіп, Ресейге жөнелтілді. 1908 ж. Семей облысында әрқайсысында 80-нен 100 жұмысшысы бар 6 жүн жуатын және жүн тарайтын зауыттар жұмыс істеді. Сондай-ақ Семей және Ақмола облыстарында шағын кірпіш құятын зауыттар жұмыс істеді. Мәселен, бұл жазда жұмыс істейтін зауыттар 1912 ж. 2 млн сомның өнімін шығарды. Ақмола облысындағы құрылыстардың 50% саманнан жасалған кірпіштерден салынды [6]. Сібір темір жолы бойында орналасқан Омбы, Семей, Петропавл, Орал, Ақмола сияқты қалаларда шоғырланды. 1889 ж. Семейде 700 диірмен болса, 1913 ж. 11 су диірмені, жылына 3 мың пұт ұн өндіретін 6 фабрика болды. Семей аймағындағы ірі ұн тартатын сауда үйлері «П.Плещеев», «М.Красинников», «Мұхамед Мусин-Садық» 1908 ж. өз диірмендерін бір акционерлік қоғамға біріктірді. Бұл «Семей бу диірмендерінің акционерлік қоғамы» аса жоғары сапалы бидайдың қатты сорттарынан ұн тартып шығарды. [7]. Өңдейтін кәсіпорындар негізінен ауылдық жерлерге жақын орналасып, жер өңдеу және мал шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды. Кәсіпшілік пен қолөнер түрлері әр аймақтағы шикізат түрлеріне қарай дамыды. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, тері өңдеу, киіз басу, кілем тоқу кеңінен таралды. Мысалы, Ақмола уезіне қоныс аударған шаруа қожалықтарында жер өңдеуден кейін астық тарту, май тарту, май шайқау кәсіпшіліктері екінші орын алды. Әсіресе ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпшілігімен егістік жерлері жоқ немесе аз шаруашылықтар айналысты. Жалдамалы еңбектің пайдаланылуы ұсақ тауарлы өндірістен мануфактуралық өндіріске өтуге мүмкіндік берді. Мануфактура өндірісі Қазақстанда XX ғасырдың басында тері бұйымдары, шырақ жасау, сыра жасау өндірісінде пайда болды. Баяу болса да ұсақ өнеркәсіптерге жаңа техника мен технология енгізіле бастады. Мәселен, тоқыма, ұста, пима басу, тері өңдеу, ұн тарту, май шайқау өнеркәсіптерінде жаңа өндіріс құрал-жабдықтары пайда болды.

Сонымен, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін өнеркәсіптердің ішіндегі ірі ұн тарту, шарап жасау, орман ағаштарын кесетін, металл өңдейтін салаларда фабрика өндірісіне көшу басталды. Қалған тері өңдеу, былғары жасау, балауыз, пима басу, тон тігетін, май шайқайтын, кірпіш құятын және т.б. кәсіпорындар ұсақ қол еңбегі басым өндірістер қатарына жатты. Олардың көбі үй кәсіпшілігі, қолөнер сипатында болды, көбінесе отбасы мүшелері мен мерзімді жұмыскерлердің еңбегі пайдаланылды. Тұтастай алғанда өнеркәсіп революциясы аяқталып үлгермеді. Қазақстан Ресей өнеркәсібінің негізгі шикізат базасы қызметін атқарды. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру саласы өте төмен деңгейде қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Справочник По административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936 г.) Алма-Ата, 1959

- 2 История Каркаралы в документах и материалах. Т I. Алматы: 2008
- 3 Толыбеков С. Е. Кочевое общество казахов XVII - начала XX вв. Политико-экономический анализ. Алма-Ата, 1971
- 4 Әрінов А. Атамекен Арқадағы - шежірелі Қарқаралы. А., 2003
- 5 Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні.-А.: Эвро, 2004
- 6 Кұл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жақып Ақбаев. А., 1996
- 7 Шаймұханов Д.А. және т.б. Қасиетті мекен - Қарқаралы. - Қарағанды, 2004

XX ғ. 20 – 30 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ОКРУГІНІҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Иксанов С.Б. г.ғ.м., аға оқытушы **Шохатаев О.С.** а.э.м., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Қазақ АКСР-нің әкімшілік-аумақтық құрылымының негізі РКФСР Халықтық Комиссариат Кеңесінде 1919 жылғы 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқарудағы Революциялық Комитет ережесінде» анықталды. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары Революциялық Комитетке қарады. Ендігі кезекте бүкіл қазақ даласын біріктіру жолдары жасалды. 1920 жылы 26 тамызда Ленин мен Калинин қол қойған Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылымы, заңмен бекітілген қазақ кеңестік ұлттық мемлекет құру жөнінде БОАК және ХКК РКФСР декреті таратылды. Қазақ АКСР-нің құрылымы жөніндегі декрет, оның территориясымен облыс және болыс құрамын анықтады. Қазақ АКСР-нің құрамына Семей облысы болыстарымен: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы; Ақмола облысы болыстарымен: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл және Омбы болыстарының бөлігі кірді. РКФСР-дің басқа да губерния құрамындағы болыс, уездердің басым бөлігін құраған қазақ халқы Қазақ АКСР-нің құру дайындығы барысында болашақ Республика құрамына кіруге өтініш білдірді. Қазақ АКСР-нің құрылғанға дейін Ақмола, Семей губерниялары уақытша Сібір Революциялық Комитет құрамында болды. Үлкен аумақты алып жатқан территорияларды Қазақ АКСР-не біріктіру тез арада жүзеге асқан жоқ уақыт өте, тек 1921 жылдың сәуірінде ғана жүзеге асырылды. Ақмола, Семей губерниялары Қазақ АКСР-дің құрамына көшті. Семей губерниясы (орталығы Семей қаласы болған) ОАК Қазақ АКСР-нің 1920 жылғы 11 желтоқсанындағы 1 сессиясының қаулысымен құрылды. Семей губерниясын 4 уезд құрады: Зайсан (23 болыс), Қарқаралы (24 болыс), Семей (49 болыс), Өскемен (39 болыс). Қарқаралы уезі Қазақ АКСР-нің қаулысы қабылданғанға дейін 44 болысты құрады [1, 68 б.]. 1923 жылы қазан айында ОАК Қазақ АКСР-нің қаулысы бойынша ұсақ шашырап жатқан болыстар біріктірілді. Зайсан (9 болыс), Қарқаралы (15 болыс), Семей (16 болыс), Өскемен (3 болыс). 1928 жылы 17 қаңтарда Семей губерниясы жабылды. Губернияға қараған уездермен болыстардан, Ақмола, Қарқаралы, Павлодар, Семей және Сыр-дария округтерінен аудандар құрылды. (1928 жылы 3 қыркүйекте БОАК-пен бекітілді). Қарқаралы уезі (орталығы Қарқаралы қ.) жоғарыда атап көрсетілгендей біріктірілген 16 болыс қарады. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы уезі жабылды. Болыстарынан аудандар құрылып, 7 ауданды құрады [1, 73 б.]. Республика құрылымында әкімшілік-аумақтық бөлініс өзгеріске түсті. Алдыңғы әкімшілік-аумақтық бөлініс республиканың өндіріс күшіне айнала алмайтын еді: губерниялар мен уездер территория аумағына, экономикалық құндылықтарын есепке алмады. Қазақстан аумағында 3 миллион шаршы шақырымды алып жатқан 6 губерния және 2 округ болды.

Әрбір губерния территориясы шамамен алғанда жарты миллион шаршы шақырым болды. Уездерде үлкен аумақты қамтыды, шамамен алғанда 150 мыңға жуық адам санымен 60-80 мың шаршы шақырым. Болыстардың аумағы 10 мың шаршы шақырым. Губерния, уездермен болыстардың мұндай үлкен аумақты алып жатқаны, оның губерния орталығынан